

"Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 308 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 705 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 308 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 30, 229-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Сағынтаев
Бақытжан Әбдірұлы

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төрағаның орынбасары

Қуандықов
Болатбек Баянұлы

- Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) төрағасы

Жұманғарин
Серік Мақашұлы

- Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі, хатшы

мына:

«Досаев
Ерболат Асқарбекұлы

- Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Досаев
Ерболат Асқарбекұлы

- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі»;

көрсетілген құрамнан Марат Әпсеметұлы Құсайынов, Қырымбек Елеуұлы Көшербаев, Ғабидолла Рахметоллаұлы Әбдірахымов, Жәннат Жұрғалиқызы Ертілесова шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК